

# Мәліметтер қоры

04-13



# Мазмұны



- Кіріспе
- Негізгі бөлім
- Қорытынды



## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Мәліметтер қоры

Деректер қорының элементтері

Access 2007 файлдарымен жұмыс істеу

# Кіріспе

Мәліметтер базасы дегеніміз – ақпаратты сақтауға және жинақтауға арналған ұйымдасқан құрылым. Бірақ қазіргі кезде көптеген мәліметтер базасын басқару жүйелері өздерінің құрылымдарында тек мәліметтерді ғана емес, сонымен қатар олардың тұтынушымен және басқада ақпараттық – программалық кешендермен қарым қатынасының әдістерін де қамтиды. Сондықтан біз қазіргі заманғы мәліметтер базасында тек мәліметтер ғана емес, ақпарат та сақталады деп айта аламыз.

Өндірісте, ауыл шаруашылығында, оқу орындарында, коммерциялық мекемелерде және т. б. салаларда түрлі берілгендерді дайындау, оларды өңдеу, сақтау жиі кездеседі. Мысалы, оқу орындарында дайындалатын мәліметтер:

түрлі бөлімдерде жұмыс істейтін адамдар тізімі (тегі-аты, білімі, мекен-жайы, үй телефоны);

оқушылар жөніндегі мәліметтік тізімдер;

мектеп орналасқан микроаудандағы барлық мектеп жасындағы балалар туралы мәліметтер және т. б.

# Мәліметтер қоры



Қазіргі кездегі өмір тиімді басқарусыз мүмкін емес. Ақпаратты өңдеу жүйесі маңызды категория болып табылады. Бұндай жүйе келесідей талаптарды қанағаттандыру керек:

v жұмыстың қорытындылары бойынша жалпы және/немесе нақтыланған есептерді алуды қамтмасыз ету;

v маңызды көрсеткіштердің өзгеру үрдістерін оңай анықтауға мүмкіндік беру;

v уақыт бойынша сыншыл ақпараттарды маңызды кідіріссіз алуды қамтмасыз ету;

v деректердің толық және нақты саралауларын орындау.

- Деректер қоры (ДҚ) – анықталған облысқа жататын деректерді басқару, сақтау және сипаттаудың жалпы ұстанымдарын анықталған ережелер бойынша қарастыратын ұйымдастырылған деректер жиынтығы.
- ДҚБЖ (Деректер Қорын Басқару Жүйесі) – деректер қорынан деректерді құру, сақтау және алуды автоматтандыру үшін арналған программалар жиынтығы.

# Деректер қорының элементтері. Негізгі түсініктер.



Кестелер – деректер қорының негізгі объектілері. Онда деректер сақталады.

Сұраныстар – бұл деректерді өңдеу үшін арналған арнайы құрылымдар. Олардың көмегімен деректерді сұрыптауға, сүхгілеуге, өзгертуге, біріктіруге, яғни өңдеуге болады.

Формалар (Қалыптар) – объектісінің көмегімен қорға жаңадан деректерді қосуға немесе бар деректерді көруге болады.

Есеп берулер – бұл формалардың (қалыптардың) керісіншесі. Олардың көмегімен деректер тұтынушы үшін қолайлы түрде беріледі.

Макростар – бұл қайталанатын операцияларды орындайтын ең қарапайым автоматтандыру құралдары.

Модульдер – Visual Basic for Application тілінде сипатталған программалық процедурлар.

Access 2007 деректер қоры басқа да деректер қоры сияқты кестелік құрылымға ие болады.

Бұл әр жазбаға өзінікін меншіктегу мүмкіндік беретін бейнелі адрес, яғни жолдар мен бағандардың қиылысымен анықталады. Деректер қорында бағандар – өрістер, ал жолдар – жазбалар деп аталады. Өрістер деректер қорының құрылымын құрайды, ал жазбалар онда орналасқан ақпаратты құрайды.

Өрістер – бұл деректер қорының құрылымының негізгі элементі. Олар қасиеттерге ие болады. Өрістің қасиеттеріне байланысты оған енгізуге болатын және болмайтын деректердің түрлері анықталады, сонымен қатар өрістегі жазбаларға математикалық амалдар қолдануға болады. Өрістердің әр түрлі қасиеттері болады және олар әр түрлі түрлерге жатады.

Кез келген өрістің негізгі қасиеті оның ұзындығы болып табылады. Өрістің ұзындығы символдармен өрнектеледі. Өрістің ұзындығынан оған қаншалықты ақпараттың сиятындығына тәуелді болады.





# Access 2007 файлдарымен жұмыс істеу

Access 2007 файлдарымен жұмыс істеу дегеніміз оларды ашу және сақтау. Осы операциялардың орындалуына нақтырақ тоқталайық.

Алғашында құрылған файлдарды ашуды қарастырайық. Жаңа файлдарды құру әрқашан талап етіле бермейді. Тұтынушы көбінесе құрылған файлдарды редакторлауды орындайды. Бұл үрдістің мағынасы мынада, құрылған файл ашылады (<Ctrl+O> пернелерінің комбинациясы ). Немесе басқадай ұзағырақ жолмен баруға да болады, тышқанмен Office үлкен дөңгелек түймешесін шертіп, содан кейін пайда болған мәзірден Ашу командасын таңдау.

# ҚОРЫТЫНДЫ



Бұл жұмысты белгілі бір ТЖО-да қолдануға болады, яғни жүргізуші өзіне керекті автобөлшекті, оның құнын, шығарылған жерін сонымен қатар өзінің көлігінің бұзылған жеріне байланысты ремонттың бағасын, жасалу уақытын біле алады және де ТЖО-дағы жұмысшылар жайлы, құрал-жабдықтары жайлы мәлімет ала алады.

Жұмыс жасау барысында Мәліметтер қоры жайлы мәлімет жинап, оны берілген тапсырмаға енгіздім. Сонымен қатар берілген тапсырмаға байланысты автобөлшектер, ремонт, техосмотр объектілері жайлы мәлімет жинап оны өңдедім. Жиналған мәліметтерді программаға енгізіп мәліметтер базасын ұйымдастырдым.

Және де жұмыс барысында ұйымдастырылған мәліметтер базасын мәліметтер қоры ортасына енгізіп, оны безендірілді. Берілген тапсырмаға байланысты мәліметтер қоры программалау ортасында, автобөлшектер тізімін көрсететін және ТЖО документін көрнекті түрде жасалды. Берілген ТЖО– қызметінің жұмысы, ремонт бағасын және автобөлшектер тізімін көрсететін есеп беруді ұйымдастырылды.

Сонымен қатар ұйымдастырылған мәліметтер базасын және жасалған документтер мен есеп берулерді біріктіріп және осыған байланысты мәліметтер қоры программалау ортасында кішігірім ТЖО жайлы қосымша программа жасалды. Бұл программаға ТЖО ішіндегі көлік жөндеу жабдықтары мысалы, бокс, эстакада, яма деген сияқты жөндеу орындарындағы көлік жайлы мәлімет енгізілді. Сонымен қатар ТЖО ішіндегі көлікті жөндейтін мамандар жайлы және ремонттың бағасы туралы мәлімет енгізілді.

Қорыта келегенде берілген тапсырманы және ТЖО кішігірім программаны байланыстырып үлкен проект ұйымдастырдым.

Осылай мәліметтер қоры программалау ортасында құрылған мәліметтер базасы арқылы көп адамдарға өзіміздің көмегімізді тигіземіз деп ойлаймыз...





**Назарларыңызға  
рахмет!**



**Назарларыңызға  
рахмет!**